



*Халықаралық конгресс*

# Гинекологиялық ота: ойдың өркендеуі

**2024 жылғы 24-27 сәуір**

**Тұран даңғылы, 32, Астана, Қазақстан**

Құрметті әріптестер, қымбатты достар!  
Біз сізді Конгреске шақыруға қуаныштымыз

# Гинекологиялық ота: ойдың өркендеуі

Бұл Конгресстің мақсаты-қазіргі кезеңде жоспарланған гинекологиялық патологияны емдеу барысындағы хирургияның орнын анықтап, оның болашағын бағалау.

Жоғары ажыратымдылықтағы бейнелеу жүйелері, озық энергиялар, заманауи торлы протездер және жоғары технологиялық құрылғылар хирургиялық техниканың дамуына күшті серпін берді. Дегенмен, медициналық қауымдастық спецификалық асқынулар, қайталама араласулардың өсуі және хирургиялық емдеу көрсеткіштерінің кеңеюі секілді мәселелерге де тап болуда. Бұл кездесудің міндеті-хирургиялық радикализм мен хирургиялық араласудың орындылығы арасындағы «орта жолды» табуда тағы бір қадам жасау. Сайып келгенде, хирургиялық емдеу тиімді әрі дәрігерлерге ішкі қанағаттану сезімін тудыруы қажет.

Конгресстің барлық қатысушылардың үміттерін ақтап, ынтымақтастық, тәжірибе және идеялар алмасу алаңына айналуын тілейміз!

Астанада асыға күтеміз!

**Ұйымдастыру комитеті**

**Талшын Укыбасова**

**Галымжан Токтарбеков**

**Камила Кенбаева**

**Елена Луцаева**



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
«УМС» КҚ

2024 жылғы 24-27 сәуір

Астана, Қазақстан

«Гинекологиялық ота: Ойлау эволюциясы» халықаралық  
конгресі

**Шақырылған сарапшылар:**

**Бакелэнд Жан MD, FASOG**, Имелда ауруханасының акушерлік және гинекология кафедрасының профессоры, Левен Университетінің даму және регенерация факультеті. *Левен, Бельгия*

**Басос Александр Сергеевич, м.ғ.к.**, Санкт-Петербург Мемлекеттік Университетінің Н. И. Пирогов атындағы жоғары медициналық технологиялар клиникасының гинекологиялық ота бағытының жетекшісі. *Санкт-Петербург, Ресей*

**Ван Кереброк Элена, MD, Phd, Life Expert Center.** *Левен, Бельгия*

**Джакупов Данияр Валиханович, м.ғ.к.**, «Репродуктивтік медицина институтының» бас дәрігері. *Алматы, Қазақстан*

**Ергалиев Ислам Дауренович**, дәрігер акушер-гинеколог, «Экомед» клиникалар желісінің репродуктологы, медицина ғылымдарының магистрі. *Астана, Қазақстан*

**Ишанғали Болат Олегұлы**, дәрігер гинеколог, «Sofi Medgroup» клиникасы. *Ақтау, Қазақстан*

**Кайрбаев Мурат Решатович, м.ғ.д.**, дәрігер акушер-гинеколог, жоғары санатты онколог. Almaty Sema Hospital клиникасының директоры, *Алматы, Қазақстан*

**Камалиева Мерей Фархадовна**, дәрігер акушер-гинеколог.  
«Академия Здоровья» клиникасы. *Алматы, Қазақстан*

**Каппушева Лаура Магомедовна**, м.ғ.д., Н. И. Пирогов атындағы  
Ресей ұлттық зерттеу медициналық университетінің акушерлік  
және гинекология кафедрасының профессоры. «К+31»  
клиникасының акушерлік және гинекология бойынша бас  
дәрігерінің орынбасары. *Мәскеу, Ресей*

**Каримжанов Ислам Неъматжанович**, дәрігер гинеколог-  
хирург. «Репродуктивтік медицина институты». *Алматы,  
Қазақстан*

**Нежат Сеана**, MD, PhD, Чикагодағы Иллинойс университетінің  
профессоры. Нортсайд ауруханасының минималды инвазивті  
хирургия және роботтық хирургия бөлімінің директоры. «Нежат»  
медициналық орталығының директоры. *Атланта, АҚШ*

**Пак Александр Георгиевич**, дәрігер акушер-гинеколог.  
«Академия Здоровья» клиникасы. *Алматы, Қазақстан*

**Попов Александр Анатольевич**, м.ғ.д., профессор, Мәскеу  
облыстық акушерлік және гинекология ғылыми-зерттеу  
институтының онкогинекологиямен және күндізгі стационармен  
гинекологиялық ота бөлімінің басшысы. *Мәскеу, Ресей*

**Усенов Кадыржан Маратович**, дәрігер акушер-гинеколог.  
Жоғары санат. Қоғамдық денсаулық сақтау магистрі. Қазақстан-  
Ресей медициналық университетінің гинекологиялық ота  
курсының ассистенті. «AMD» клиникасының гинекологиялық ота  
бөлімшесінің меңгерушісі. *Алматы, Қазақстан*



**Хазали Шахин**, MD, MRCOG, MSc, Кеңесші гинеколог. Листер, Челси, Лондон және Ашфорд ауруханаларының эндометриоз және минималды инвазивті гинекология орталығының (CEMIG) хирургы. Лондондағы Холлоуэй корольдік университетінің құрметті аға оқытушысы. *Лондон, Ұлыбритания*

**Фуджи Шинго**, профессор, акушер-гинеколог, онколог. Киото Окамото Мемориалдық Ауруханасының президенті. *Киото, Жапония*

Хемке Кристоф, MD, PhD, Әулие Джозеф госпиталінің акушерлік және гинекология клиникасының жетекшісі. *Дортмунд, Германия*

**Чупин Александр Николаевич**, дәрігер акушер-гинеколог, жоғары санат. Денсаулық сақтау магистрі. Қазақстан-Ресей медициналық университетінің дипломнан кейінгі білім беру кафедрасының ассистенті. *Алматы, Қазақстан*

## **Ұйымдастыру комитеті:**

**Бапаева Гаури Биллахановна**, «УМС» КҚ Әйелдер денсаулығы  
КАД-ы директоры, акушер-гинекологы, м.ғ.д., профессор.  
*Астана, Қазақстан*

**Бактыбаева Дана Мухтаровна**, «УМС» КҚ акушер-гинекологы.  
*Астана, Қазақстан*

**Иманкулова Балкенже Жаркемовна**, «УМС» КҚ акушер-  
гинекологы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор. *Астана,*  
*Қазақстан.*

**Камзаева Назира Калдешовна**, «УМС» КҚ акушер-  
гинекологы, м.ғ.к. *Астана, Қазақстан*

**Кенбаева Камила Габитовна**, «УМС» КҚ акушер-гинекологы.  
*Астана, Қазақстан*

**Луцаева Елена Владимировна**, «УМС» КҚ акушер-  
гинекологы. *Астана, Қазақстан*

**Примбетов Берик Узакпаевич**, «УМС» КҚ гинекология  
бөлімінің басшысы, акушер-гинекологы, м.ғ.к. *Астана,*  
*Қазақстан*

**Токтарбеков Галымжан Кабдулманапович**, «УМС» КҚ  
акушер-гинекологы. *Астана, Қазақстан*

**Укыбасова Талшын Мухадесовна**, «УМС» КҚ гинекология  
бөлімінің кеңесшісі, акушер-гинекологы, м.ғ.д., профессор,  
*Астана, Қазақстан*




# Конгресс ұйымдастырған

# UMC

UNIVERSITY  
**Medical Center**

Наука • Образование • Здоровоохранение



ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ  
ГИНЕКОЛОГОВ - ЭНДОСКОПИСТОВ

ГИНЕКОЛОГТАР-ЭНДОСКОПИСТЕР  
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛІСТІГІ


Конгресс демеушілері

**STORZ**  
**KARL STORZ — ENDOSKOPE**



**Santes**

**Lactoflorene®**





Конгресс бағдарламасы  
«Гинекологиялық ота: ойлау эволюциясы»

24.04.2024

1 күн

13:00–18:00 ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫ 1 «Гинекологиялық отадағы баламалы кіру жолдары»

Сарапшылар: Бакелэнд Ж., Ван Керебрук Э., Фуджи Ш., Усенов К.М., Чупин А.Н.

Залдағы модераторлар: Нежат С., Хемке К., Каирбаев М.Р., Луцаева Е.В., Абдукасимова М.

Операциялық бөлмедегі модераторлар: Кенбаева К.Г., Камзаева Н.К.

13:00–13:05 Пациент презентациясы

13:05–14:00 ОПЕРАЦИЯ ТРАНСЛЯЦИЯСЫ «vNOTES гистерэктомия», хирург Бакелэнд Ж.

14:00–14:15 Видео абстракт: «Жатыр-ішек фистуласы. Хирургиялық емдеу және фертильділік» Камалиева М.Ф., Чупин А.Н.

14:15–14:30 Баяндама «Ашерман синдромын хирургиялық емдеу. Қалпына келтіру жолдары. Фертильділікке әсері». Пак А.Г., Усенов К.М.

14:30–15:30 Дәріс «Кіші жамбастың аваскулярлық кеңістіктері», Фуджи Ш. (онлайн)

15:30–16:00 Үзіліс

16:00–17:00 Дәріс «Ақаулы тыртыққа қынап арқылы метропластика жасау», Ван Керебрук Э. (онлайн)

17:00–18:00 Дәріс «vNOTES: Гинекологиялық отадағы революция», Бакелэнд Ж.

18:00–19:00 ЖАТТЫҒУ КУРСЫ «Диссекция және эндоскопиялық тігіс өнері» «KARL STORZ ENDOSCOPE» компаниясының техникалық қолдауымен

Нежат С., Бакелэнд Ж., Кенбаева К.Г., Абдукасимова М., Токтарбеков Г.К., Луцаева Е.В.

25.04.2024

2 күн

08:00–12:30 ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫ 2 «Апикальды пролапсты емдеуде лапароскопиялық және қынап арқылы ота жасау жолдары»

Сарапшылар: Хемке К., Токтарбеков Г.К., Луцаева Е.В., Кенбаева К.Г.

Залдағы модераторлар: Жумагалиев А., Укыбасова Т.М., Кенбаева К.Г., Усенов К.М., Чупин А.Н.

Операциялық бөлмедегі модераторлар: Бактыбаева Д.М., Луцаева Е.В.

08:00–08:05 Пациенттер презентациясы

08:05–10:00 ОПЕРАЦИЯЛАР ТРАНСЛЯЦИЯСЫ: «Орта кольпоррафия», хирург: Луцаева Е.В., «Гибридтық реконструкция», хирург: Токтарбеков Г.К., «Уретропексия», хирург: Хемке К.

10:00–10:15 Баяндама «Промонтофиксация-апикальды пролапс хирургиясындағы «алтын стандарт», Кенбаева К.Г.

10:15–10:30 Баяндама «Апикальды пролапсты емдеуде қынап арқылы ота жасау мүмкіндіктері», Токтарбеков Г.К.

10:30–11:00 Үзіліс

11:00–11:05 Пациент презентациясы

11:05–12:30 ОПЕРАЦИЯ ТРАНСЛЯЦИЯСЫ: «Торлы протезді қолдана отырып, жатырдың лапароскопиялық бүйірлік бекітілуі-Дюбюиссон операциясы», хирург Хемке К.

12:30–13:30 Үзіліс

13:30–15:30 ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫ 3 «Жатыршілік хирургия»

Сарапшы: Каппушева Л.М.

Залдағы модераторлар: Хемке К., Луцаева Е.В., Кенбаева К.Г.

Операциялық бөлмедегі модераторлар: Иманкулова Б.Ж., Кенбаева К.Г., Токтарбеков Г.К.



13:30–13:40 Пациенттер презентациясы

13:40–15:30 **ОПЕРАЦИЯ ТРАНСЛЯЦИЯСЫ:** «Гистероскопия, гистерорезектоскопия, миоманы алу, шейверді қолданатын механикалық полипэктомия, синехияны бөлу» хирург **Каппушева Л.М.**

15:30–16:00 Үзіліс

16:00–16:15 Баяндама «Көмекші репродуктивті технологиялардан кейін мүмкін ургентті жағдайлар», **Каримжанов И.Н., Джакупов Д.В.**

16:15–17:00 Дәріс «Нейропелвиология: жолбарыстар аумағына аяқ басу», **Хазали Ш.**

19:00 **ДОСТЫҚ КЕШКІ АС**





26.04.2024

3 күн

**08:00–12:00 ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫ 4 «Эндо метриоз»**

Сарапшылар: Хазали Ш., Попов А.А., Нежат С., Басос А.

Залдағы модераторлар: Иманкулова Б.Ж., Каппушева Л.М., Луцаева Е.В.

Операциялық бөлмедегі модераторлар: Токтарбеков Г.К., Бактыбаева Д.М., Кенбаева К.Г.

**08:00–09:00** Дәріс «Жамбас және жамбастан тыс эндо метриоздың локализациясы: жеңілден ауыр сатыға дейін», **Нежат С.**(онлайн)

**09:00–09:05** Пациент презентациясы

**09:05–11:00** ОПЕРАЦИЯ ТРАНСЛЯЦИЯСЫ: «Эндо метриоз», хирург **Хазали Ш.**

**11:00–11:30** Дәріс «Ішек эндо метриозы: радикальды емдеуді қолдау» **Попов А.А.**

**11:30 –12:00** Дәріс «Эндо метриоз тұзақтары», **Басос А.**

**12:00–13:00** Үзіліс **Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның ішекті квартетінің концерті** (холл, 1 этаж)

**13:00–13:15 КОНГРЕССТІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ**

«УМС» КҚ Басқарма төрағасы Пя Ю.В. құттықтау сөзі

«УМС» КҚ Әйелдер денсаулығы КАД-ы директоры Бапаева Г.Б. құттықтау сөзі

**13:15–17:30 ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС «Гинекологиялық ота эволюциясы»**

Президиум: Бапаева Г.Б., Примбетов Б.У., Попов А.А., Токтарбеков Г.К.

Операциялық бөлмедегі модераторлар: Луцаева Е.В., Кенбаева К.Г.

13:15–14:00 Дәріс «Жаңа көкжиектер: 2024 Германиядағы жамбас қабатының реконструктивті хирургиясы», Хемке К.

14:00–14:05 Пациент презентациясы

14:05–15:30 ОПЕРАЦИЯ ТРАНСЛЯЦИЯСЫ: «Эндометриоз», хирург Попов А.А.

15:30–15:45 Баяндама «Қатерлі ісіктер ана өлімінің себебі ретінде», Бапаева Г.Б.

15:45–16:00 Баяндама «Онкологиялық науқастардағы фертильділік», Каирбаев М.Р.

16:00–16:30 Үзіліс

16:30–17:00 Дәріс «Репродуктивті жастағы гистероскопиялық араласудың ерекшеліктері», Каппушева Л.М.

17:00–17:15 Баяндама «Жатырдан қалыптан тыс қан кету: терапия көкжиектері», Укыбасова Т.М.

17:15–17:30 Баяндама «Алға басу парадоксы», Луцаева Е.В.

17:30–18:30 ЖАТТЫҒУ КУРСЫ «Диссекция және эндоскопиялық тігіс өнері»

«KARL STORZ ENDOSCOPE» компаниясының техникалық қолдауымен

Попов А.А., Каппушева Л.М., Хазали Ш., Хемке К., Сабыр Б., Мазиашвили Г.Н., Токтарбеков Г.К.

17:30–18:30 ЖАТТЫҒУ КУРСЫ «Гинекологиялық пессарийді таңдау және енгізу-пролапсты түзетудегі алғашқы қадам», Ауесканова А., Кенбаева К., Луцаева Е.



27.04.2024

4 күн

**08:00–13:00 ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС «Эндометриоз – мифтер және шындық»**

Президиум: Хазали Ш., Доцанова А., Луцаева Е.В., Кенбаева К.  
Операциялық бөлмедегі модераторлар: Камзаева Н.К.,  
Токтарбеков Г.К.

**08:00–09:00** Дәріс «Зәр шығару жүйесі мен асқазан-ішек жолының эндометриозы», Хазали Ш.

**09:00–09:05** Пациент презентациясы.

**09:05–11:00 ОПЕРАЦИЯ ТРАНСЛЯЦИЯСЫ:** «Эндометриоз», хирург Попов А.А.

**11:00–11:30** Үзіліс

**11:30–11:45** Баяндама «Аналық бездің эндометриозы: репродуктологтың көзқарасы», Ергалиев И.Д.

**11:45–12:30 ДЕБАТ «Эндометриоз және репродуктивті жоспарлар»**  
Radical Band «Ең алдымен хирургия»: Попов А.А., Ишангали Б.О.  
versus

Conservative Band «Тарт қолыңды»: Басос А.С., Кенбаева К.Г.  
Төрешілер алқасы: Укыбасова Т.М., Токтарбеков Г.К., Хазали Ш  
Модератор: Луцаева Е.В.

**12:30–13:00** Ашық микрофон: Пікірлер, сұрақтар, ұсыныстар.

**КОНГРЕССТІҢ ЖАБЫЛУЫ**





## **Гаури Биллахановна Бапаева**

Жоғары санатты акушер-гинеколог, медицина ғылымдарының докторы, профессор, UMC әйелдер денсаулығы департаментінің директоры. Алматы мемлекеттік медицина институтының түлегі, Болашақ бағдарламасының стипендиаты, Германияда, Австрияда, АҚШ-та, Италияда, Ұлыбританияда және жақын шет елдерде тағылымдамадан өткен.

Ғылыми жобалардың, дәрігерлердің біліктілігін арттыру бойынша тақырыптық циклдердің жетекшісі. Гаури Биллахановнаның жетекшілігімен кандидаттық, PhD докторлық және магистрлік диссертациялар қорғалған.

50 – ден астам жарияланымның, оның ішінде Web of Sciences базасының халықаралық басылымдарының авторы (Хирш индексі-11), халықаралық патенттердің бірлескен авторы.



## Жан Бакелэнд

Бельгияда, Германияда және Оңтүстік Африкада хирург, гинеколог-онколог ретінде жоғары білім алған. Қазіргі уақытта Имельда ауруханасында (Бонхейден, Бельгия) гинекологиялық онкология, эндоскопиялық және роботтық хирургия бағыты бойыншы кеңес береді. Левен католиктік университетінің, даму және регенерация (урогенитальды, іш қуысы және пластикалық хирургия) кафедрасының арнайы шақырылған профессоры. Швецияның Лунд университетімен тығыз ғылыми ынтымақтастықта. 2012 жылдан бастап ғылыми қызығушылығынегізінен vNOTES-қа бағытталған. Қазіргі уақытта Профессор Бакелэндттің vNOTES көмегімен орындаған операция саны 2500-ден асады.





## Александр Сергеевич Басос

Медицина ғылымдарының кандидаты, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің жоғары технологиялық клиникасының гинекологиялық ота бағыты бойыншы жетекшісі, дәрігер акушер-гинеколог. Оның басшылығымен жыл сайын жатыр миомасы, эндометриоз, аналық без түзілімдері, жыныс пролапсы және басқа гинекологиялық аурулар бойынша екі мыңнан астам жоғары технологиялық хирургиялық араласулар, сондай-ақ жеті жүзден астам гистероскопиялық араласулар жасалады. Александр Басос Францияда, Германияда және Италияда оқып, тағылымдамадан өтті. Жиырма жыл минималды инвазивті гинекологиялық хирургия, эндометриоздың лапароскопиялық хирургиясы, жатырышілік хирургия, урогинекология және онкогинекологиямен кәсіби айналысады. Кәсіби қызығушылық саласы - хирургиялық араласуды стандарттау және оңтайландыру, хирургиялық тәуекелдерді азайту, гинекологиялық хирургиядағы инновациялар, хирургтарды оқыту. Лапароскопиялық және жатырышілік хирургияда хирургиялық энергияны қолдану бойынша сарапшы.



## **Хелена Ван Керребрук**

Генктегі Ziekenhuis-Oost-Limburg клиникасының және Life Expert орталығының акушер-гинеколог дәрігері.

Лапароскопия, гистероскопия саласындағы сарапшы.

Жүктіліктің соңына дейін жетпеуі, гинекологиялық патологиялар, бедеулік және эндометриоз кезінде аз инвазивті әдістерді қолдана отырып, қатерсіз гинекологиялық ауруларды емдеуге маманданған.





## Данияр Валиханович Джакупов

IRM Clinic желісі бас директорының орынбасары, медицина ғылымдарының кандидаты. IRM кафедрасының эндовидеохирургия курсының жетекшісі, жоғары санатты дәрігер гинеколог-хирург. Қазақстандық

гинекологиядағы эндовидеохирургия көшбасшыларының бірі. Қазақстан өңірлерінің гинеколог-хирургтары үшін шықпалы мастер-класстар белсенді өткізеді.

30-дан астам ғылыми жарияланымдар мен 4 патенттің авторы. «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Жалпы жұмыс өтілі 25 жылдан асады.



## Ергалиев Ислам Дауренович

«Экомед» клиникалар желісінің репродуктолог дәрігері, медицина ғылымдарының магистрі.

2017 жылы Астана Медицина Университетінде жоғары білімін тәмамдаған. «University Medical Center» Корпоративтік Қорының Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығының акушерлік және гинекология бағдарламасы резидентурасының түлегі. 2022 жылы «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі атағын қорғады





## Ишанғали Болат Олегұлы

Қазақстан, Ақтау қаласы «SofieMedGroup көпсалалы клиникасы» ЖШС акушер-гинеколог дәрігері. Жоғары санатты дәрігер. Минималды инвазивті оталы гинекология саласындағы ғылыми жұмыстардың авторы.

Жұмыстан бос уақытында спортпен белсенді айналысады.



## Мурат Решатович Кайрбаев

Медицина ғылымдарының докторы. Дәрігер акушер-гинеколог, жоғары санатты онколог. Almaty Sema Hospital клиникасының директоры. Халықаралық және еуропалық онкологиялық гинекологтар қоғамының толық мүшесі. Американдық гинекологиялық лапароскопия қауымдастығының мүшесі. С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің түлегі. Қазақ онкология және радиология ҒЗИ докторантурасының түлегі. ҚазОРҒЗИ онкогинекология мультидисциплинарлық орталығының ұйымдастырушысы және бірінші басшысы. Гарвард медицина мектебінің «клиникалық зерттеулердің принциптері мен практикасы» бағдарламасының түлегі. Лейпциг радикалды жамбас хирургиясы мектебінің және халықаралық гинекологиялық қатерлі ісік қоғамының стипендия иегері (Сиднейдегі ханзада Гарри ауруханасының бас әйелдер ауруханасының онкогинекология орталығының тағылымдамашысы). Еуропалық онкологиялық гинекологтар қоғамының грантының иегері.





## Мерей Фархадовна Камалиева

«Академия Здоровья» клиникасының акушер –  
гинеколог дәрігері. Алматы, Қазақстан



## Лаура Магомедовна Каппушева

Жоғары санатты акушер-гинеколог дәрігер, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген дәрігері, К + 31 клиникасындағы бас дәрігердің гинекология жөніндегі орынбасары. 2002 жылы авторлар құрамында Ресей Федерациясы Үкіметінің «Гинекологиядағы эндоскопиялық әдістерді әзірлегені және тәжірибеге енгізгені үшін» сыйлығы берілді. Ресей Ғылыми-Зерттеу Медициналық Университетінің педиатрия факультетінің Акушерлік және гинекология кафедрасының профессоры. 100-ден астам ғылыми жарияланымдардың авторы, бірлескен автор. Ресей Акушер-гинекологтар Қауымдастығының, Ресей Эндометриоз Қауымдастығының, Еуропалық Акушер-гинекологтар қоғамының, Еуропалық эндоскопист– гинекологтар қауымдастығының мүшесі.





## **Ислам Неъматжанович Каримжанов**

IRM clinic дәрігер гинеколог-хирургы.

С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін бітірген. Оңтүстік Корея, Сеул қаласында Әулие Мәри ауруханасындағы Католиктік университетте шетелдік тағылымдама өткен. Intuitive роботтық хирургия орталығы. Түркия, Стамбул Медикал парк, Түркия, Анкара, Локман ауруханасы.



## **Камила Габитовна Кенбаева**


«University Medical Center» Корпоративтік Қорының акушер-гинеколог дәрігері, Астана, Қазақстан. Академик И.П. Павлов атындағы Санкт-Петербург медициналық университетінің түлегі. «University Medical Center» Корпоративтік Қорының резидентурасын тәмамдаған. Францияда, АҚШ-та, Чехияда, Италияда және Ресейде халықаралық тағылымдама өткен. 5 жылға жуық уақыт ішінде лапароскопиялық промонтофиксация, Дюбюссон бойынша бүйірлік бекіту, жамбас түбін гибриді қайта құру, слинг уретропексиясы, лапароскопиялық метропластика және т. б. әдістерді игеріп, тәжірибеге сәтті енгізді.





## **Луцаева Елена Владимировна**

«University Medical Center» Корпоративтік Қорының жоғары санатты акушер-гинеколог дәрігері  
Қазақстан Республикасының бас штаттан тыс балалар акушер-гинекологы. Германияда, Францияда, Италияда, Ресейде тағылымдамадан өткен. Бірнеше республикалық емдеу хаттамаларының бастамашысы және авторы болып табылады. Дәрігерлерге арналған оқыту семинарлары мен біліктілікті арттыру циклдарын үнемі өткізеді.



## Сеана Нежат

Эндометриозды және бедеулікті емдеуге маманданған әлемге әйгілі шағын инвазивті хирург. Ол гинекологиялық отаның көптеген салаларында бейне лапароскопия мен роботтық технологияны қолдана отырып ізашар болды. Оның тәжірибесі әйелдер денсаулығы мен балалар мен жасөспірімдер арасындағы фертильділікті сақтауға бағытталған. Доктор Нежат Northside Hospital ауруханасының акушерлік және гинекология бөлімінің төрағасы, AAGL және Репродуктивті хирургтар қоғамы президенті қызметін атқарды. Профессор Нежат үнемі медициналық волонтер ретінде қызмет етеді және дәрігерлердің жас буынына сабақ беруге және дәріс оқуға белсенді қатысады. Ол сонымен қатар Эмори университетінің профессоры және Нежат Медициналық орталығының стипендия директоры. Доктор Сиана Нежат-марапаттарға ие болған библиографиялар мен басылымдардың авторы және бірлескен авторы, сонымен қатар хирургиялық шеберлік, инновациялық әдістер мен оқытушылық үшін көптеген марапаттардың иегері





## Александр Георгиевич Пак

«Академия Здоровья» клиникасының акушер –  
гинеколог дәрігері. Алматы, Қазақстан




## Александр Анатольевич Попов

Академик В. И. Краснопольский атындағы Мәскеу облыстық акушерлік және гинекология ҒЗИ (МОАҒЗИ) оталы гинекология және роботтық хирургия бөлімінің басшысы, Мәскеу облысының эндометриоз орталығының жетекшісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, РФ еңбек сіңірген дәрігері, РФ Үкіметі Сыйлығының лауреаты.

Александр Попов-ресейлік және шетелдік медициналық басылымдардағы 400-ден астам ғылыми жарияланымдардың, 4 монографияның, 6 өнертабыс патентінің авторы. Гинекологияда, роботтық хирургияда лапароскопия және гистероскопия мамандарын даярлау мектебі құрылды. МОАҒЗИ- да жұмыс істеген 30 жыл ішінде 20-дан астам кандидат және 2 медицина ғылымдарының докторы қорғалды. 2015 жылдан бастап IRCAD оқу орталығында (Страсбург, Франция) лапароскопия курсының ресми оқытушысы. Александр Попов - Ресей Репродуктологтар Қауымдастығының вице-президенті, Азиялық эндометриоз және аденомиоз қауымдастығының басқарма мүшесі, Ресейлік эндоскопист гинекологтар қауымдастығының, Ресейлік эндометриоз қауымдастығының, Халықаралық репродуктивті жүйе ісіктері қауымдастығының, Американдық лапароскопист гинекологтар қауымдастығының (AAGL), Еуропалық эндоскопист гинекологтар қауымдастығының (ESGE), Халықаралық эндометриоз және жатыр аурулары (SEUD) қауымдастығының, Еуропалық эндометриоз қауымдастығының (EEL), Дүниежүзілік эндометриоз қауымдастығының (WSE), Еуропалық роботты гинекологиялық хирургтар қоғамының (SERGS) мүшесі.





## **Галымжан Кابدулманович Токтарбеков**

«University Medical Center» Корпоративтік Қорының жоғары санатты акушер-гинеколог дәрігері

Денсаулық сақтау үздігі. Болашақ бағдарламасының стипендиаты. Германия, Австрия, Франция, Италия, Ресей, Испанияда оқыған. Қазақстан өңірлерінде және одан тыс жерлерде оталы гинекология бойынша шықпалы оқыту іс-шараларын тұрақты түрде өткізеді.



## **Талшин Мухадесовна Укыбасова**

Медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты акушер-гинеколог.

Талшын Мухадесовна Қазақстанда лапароскопия техникасын енгізген алғашқы гинеколог.

Қазақстандағы алғашқы гистерэктомия авторы. 258 ғылыми мақаланың, оның ішінде Scopus жүйесінің журналдары жарияланымдарының, 2 оқулықтың, 14 әдістемелік құралдардың, 18 өнертабыстың авторы. 34 ғылым кандидатын және 2 PhD докторын дайындады.

Ғылыми зерттеу саласы-жатыр миомасы, эндометриоз, бедеулік, түсік түсіру, эндокриндік гинекология.

Тағылымдамалар: Франция, Германия, Италия.





## Усенов Кадыржан Маратович

Дәрігер акушер-гинеколог. Жоғары санат. Қоғамдық Денсаулық Сақтауды Басқару Магистрі. Қазақстан-Ресей медициналық университетінің гинекологиялық ота курсының ассистенті. «AMD» клиникасының гинекологиялық ота бөлімшесінің меңгерушісі. Алматы, Қазақстан.



## Шинго Фуджи

Профессор, акушер-гинеколог, онколог. Киото Окамото Мемориалдық Ауруханасының Президенті.

Радикалды Окабаяши гистерэктомиясының (1921) және Киото университетінде алғаш рет енгізілген Мибаяши супер радикалды гистерэктомиясының (1941) мұрагері ретінде, Шинго Фудзии Окабаяшидің радикалды гистерэктомиясын жасау кезінде анатомияны және оның ерекшеліктерін онколог көзқарасы тұрғысынан зерттеді, бұл оған қуықтың иннервациясын сақтауға мүмкіндік берді (Nerve-sparing radical hysterectomy). Профессор Фудзи 2020 жылы өз зерттеу нәтижелерінің негізінде, Кентаро Секиямамен бірге Springer баспасында «Радикалды гистерэктомиядағы дәл нейроваскулярлық анатомия» атты монография жариялады.

Рецензияланған журналдарда ағылшын тілінде 300-ден астам мақала жариялады. 2004 жылы Жапондық акушерлік және гинекология қоғамының (JSOG) Президенті атанды. 2010-2012 жылдар аралығында Халықаралық гинекологиялық қатерлі ісік қоғамының (IGCS) Президенті қызметін атқарды.

Американдық акушер-гинекологтар колледжінің, Канаданың акушер-гинекологтар қоғамының, Жапондық акушерия және гинекология қоғамының, Кореялық акушерия және гинекология қоғамының, Тайвань акушерия және гинекология қауымдастығының құрметті мүшесі.





## Шахин Хазали

Жетілдірілген роботты, лапароскопиялық эндометриоз хирургиясы және шағын инвазивті гинекология бойынша әлемге әйгілі сарапшы. Практикалық қызметі негізінен әйелдерде ішек, қуық, несеппағар және жамбас жүйкелерінің зақымдануымен жүретін эндометриоздың ауыр түрлерін емдеуге бағытталған. Профессор Хазали барлық дерлік процедураларды роботты (da Vinci Xi) немесе лапароскопиялық әдіспен жүргізеді.

Шахин Хазали-Лондондағы (Челси) және Суррейдегі (Уокинг және Чертси) бірнеше клиникаларда кеңесші дәрігер болып табылады. Ол нейропелвеология бойынша мамандандырылған дайындықтан өткен әлемдегі бірнеше хирургтардың бірі, бұл оған жүйкелердің эндометриозбен немесе басқа патологиялармен зақымдануына күрделі операциялар жасауға мүмкіндік береді.

Профессор Хазали эндометриоз хирургиясы білімін тереңдеткісі немесе гинекологиялық хирургияда озық дағдыларды игергісі келетін барша дәрігерлерімен өз білімімен белсенді түрде бөлісуде.



## Кристоф Хемке

MD, PhD, Сент-Джозеф госпиталінің акушерлік және гинекология клиникасының жетекшісі. Дортмунд, Германия





## Александр Николаевич Чупин

Жоғары санатты дәрігер акушер-гинеколог. Денсаулық сақтау магистрі. Қазақстан-Ресей медициналық университетінің дипломнан кейінгі білім беру кафедрасының ассистенті. Алматы, Қазақстан.